

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ВЕБ-КВЕСТ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

\*Қалиева К.М.<sup>1</sup>, Утебаева Б.Т.<sup>2</sup>, Жалғасова Ш.А.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>П.ғ.к., профессор Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы,  
Қазақстан, e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

<sup>2</sup>П.ғ.м., аға оқытушы, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық  
консерваториясы, Алматы, Қазақстан, e-mail: bota071@mail.ru

<sup>3</sup>П.ғ.к., профессор Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы,  
Қазақстан, e-mail: sholpan1945@outlook.com

**Аңдатпа.** Қазіргі білім беруді ақпараттандыру дәуірінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары мен олардың болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалы ерекше өзектілікке ие.

Жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкес болашақ маман оқыту процесінде ақпараттық-білім беру ортасын құра білуі және заманауи технологиялардың (атап айтқанда, веб-квест технологиясының) артықшылықтарын шебер пайдалана білуі керек.

Қазіргі уақытта веб-квест технологиялары білім беру тәжірибесінде қолданылып келетініне қарамастан, олардың мәні теориялық тұрғыдан толық ашылмай, жүйесіз және бірізділік сақталмай енгізілуде. Осыған байланысты білім беру саласында веб-квесттерді қолданудың дидактикалық әлеуетін анықтау мәселесінің өзектілігі туралы атап өткен жөн.

Мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы веб-квест технологиясының педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылған. Веб-квест технологиясын ақпарат көзі ретінде пайдалану оқу процесін жан-жақты және тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді, болашақ мұғалімнің өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін түсінуге көмектеседі, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға және ақпараттық мәдениетін дамытуға жағымды әсер етеді.

Мақалада веб-квест технологиясының ерекшеліктері жөнінде ашып баяндалады, веб-квесттердің құрылымы және олармен жұмыс істеу формалары сипатталады. Олардың басқа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арасындағы өзіндік орны ашып көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** білім беру процесі, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, дидактикалық құрал, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық ресурстар, интерактивті іс-әрекет, веб-квест технологиясы, веб-сайт

### Кіріспе және негізгі ережелер

Қазіргі кәсіби жоғары білім беру жүйесі оқытудың оңтайлы формалары мен әдістерін іздестіру үстінде. Бұл жалпы еуропалық кеңістік талаптарына сәйкес білім беру қызметінің жаңа үлгілерін қалыптастыруды, студенттерді жаңа іс-әрекет түрлеріне тартуға мүмкіндік беретін ақпараттық және коммуникациялық оқу құралдарын кеңінен пайдалануды көздейтін отандық білім беруді жаңғыртумен тікелей байланысты. Оқытудың тиімділігін арттыру, болашақ маманның қабілеттілігін дамыту, жалпы білім беруді ізгілендіру міндеттерін шешу кезек күттірмейтін мәселеге айналуға.

Әрбір студент өз бетінше әрекет ету тәжірибесін және жеке жауапкершілікті меңгеруі керек, яғни бұлар тұтас алғанда, жалпы заманауи білім беру сапасын және жекелей алғанда мамандарды даярлау деңгейін айқындайтын негізгі құзыреттіліктер. Бұл процесс өз кезегінде білім берудің ақпараттық технологияларын дамытуды және электрондық білім беру ресурстарын таратуды қажет етеді.

Ақпарат ағыны үнемі өсіп келеді, осыған байланысты онымен, соның ішінде интернетте алынған мәліметтермен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру қажеттілігі де артады. Дәл осы қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар оқу мотивациясын арттыруға және оны әртараптандыруға көмектесетін инновациялық коммуникациялық және ақпараттық білім беру технологиялары мен әдістері жасалуда. Ақпараттық технологиялар ақпаратты іздеу, өңдеу және оны әртүрлі формада беру процесін жеңілдетеді.

Білім беруді ақпараттандыру, оқыту процесінде заманауи технологияларды пайдалану мәселелері шетелдік және қазақстандық зерттеушілер тарапынан кеңінен сөз болып келеді. Әсіресе, ақпараттық білім беру ортасын құрудың маңыздылығы [1,2], оның ішінде шетгiлдiк бiлiм берудi ақпараттандырудың өзектілігі [3], инновациялық коммуникациялық және ақпараттық білім беру технологияларының болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға ықпалы [4,5] жөніндегі зерттеулер аса қызығушылық тудырады.

Мәселен, зерттеуші Д.М.Джусубалиева жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің қалыптасу дәрежесі мен қашықтықтан оқытуды университеттің оқу процесіне енгізу дәрежесі арасында терең диалектикалық байланыс бар деп санайды. Автор көрсетуінде, қашықтықтан оқыту неғұрлым белсенді түрде енгізілсе, соғұрлым жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасалады және керісінше, жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті неғұрлым жоғары болса, оқытудың жаңа технологияларына сұраныс соғұрлым арта түседі [5].

Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуы оқытудағы конструктивистік әдістерді едәуір ілгерілетуге мүмкіндік беруде. Конструктивті оқыту әдістемесін ақпараттандыру желісі, өз кезегінде әртүрлі жоғары технологиялық оқыту әдістемелерін, соның ішінде веб-квестерді әзірлеуге ықпал етті.

Веб-квест технологиясы жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) арқылы ықшам құрылымдалған технологияға қосылған әртүрлі заманауи дидактикалық әдістер мен жаңа жүйелердің бірігуі нәтижесінде пайда болды. Веб-квест технологиясы бағдарламаланған оқытуды, жобалық оқыту технологиясын, проблемалық оқытуды, ойын әдістерін және басқа да белсенді оқыту әдістерін дамытуға байланысты және әртүрлі интернет ресурстарға, сонымен бірге білім алушының бірыңғай ақпараттық-виртуалды жұмыс кеңістігіне біріктірілген.

Веб-квест технологиясы оқытудың икемді, ұжымдық әдісі ретінде оқыту курсының тікелей міндеттері аясында өз технологиясын құруға мүмкіндік

беретін дидактикалық және ақпараттық конструктор болып табылады. Басқаша айтатын болсақ, веб-квест технологиясы бұл тіпті технология емес, керісінше, оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін, ең алдымен конструктивті проблемалық-іздістіру сипатын қолдануға арналған ақпараттық-виртуалды дидактикалық алаң, оны оқу курсына нақты мақсаттарға (жеке модульдер, тақырыптар мен сабақтар аясында) қолдануға болады.

Интернеттің ақпараттық ресурстарын қолдана отырып, өз мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндігі болашақ маманның мәдени және ғылыми көзқарасын тереңдетіп қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі ақпараттық қоғамдағы қарым-қатынас құралы ретінде өмірлік қажеттілігін де байқатады. Интернеттегі тәжірибені пәндерді үйрену кезінде оқыту процесіне енгізу жалпы адамзаттық мәдени құндылықтармен танысуға және болашақ маманның қызығушылықтарын аттыруға мүмкіндік береді, қажетті ақпаратты таңдау мүмкіндігіне және желідегі нақты қарым-қатынас жағдайында аналитикалық дағдыларды игеруге ықпал етеді.

Ақпараттық технологияларды оқу процесіне кеңінен енгізу білім беруді ұйымдастыру мен жетілдіруге, білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуге және болашақ мұғалімдердің педагогикалық шығармашылығына жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар кәсіби білім берудің міндеттеріне жауап беретін ақпараттық құралдар икемді, көп функциялы болуы керек, компьютерлік технологияларды, оның ішінде веб-квест технологияларын пайдалануда кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың сабақтастық, қарқындылық және үздіксіздік принциптерінің басшылыққа алынуы аса маңызды болып табылады.

Осы орайда болашақ маманның кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру технологияларына, соның ішінде веб-квест технологиясына қатысты жекелеген нақты мәселелер әлі толық зерттелмей келетінін атап өткен жөн. Демек, оның болашақ мұғалімдерді педагогикалық іс-әрекетке даярлаудағы мүмкіндіктерін арнайы қарастыру өзекті болып табылады.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Веб-квест (ағылшын тілінен алынған webquest) сөзбе-сөз «интернеттен іздеу» немесе «интернет іздеу» дегенді білдіреді. Термин салыстырмалы түрде жақында (1995) пайда болуына байланысты оның анықтамасы әлі де тұрақсыз. Педагогикалық әдебиеттерде веб-квесттің ең әртүрлі және көп мағыналы түсіндірмелерін табуға болады.

Веб-квест технологиясының авторы Сан-Диего мемлекеттік университетінің (АҚШ) білім беру технологиялары бойынша американдық профессоры Берни Додж болып саналады. Бұл оқыту моделі алғаш рет 1995 жылдың жазында ұсынылды. Сонымен қатар бұл «веб-квест» терминін ғалымның өзі ұсынған болатын және ол «веб-квест» технологиясының негізгі ережелерін тұжырымдады. Ғалым оны өз сабақтарында кеңінен қолдана бастады және білім берудің әртүрлі деңгейлерінде әртүрлі пәндерді оқыту кезінде оқу процесіне интеграциялау үшін интернеттің инновациялық

қосымшаларын жасады. Бұл қызмет түріне (технологияға) пікірлес Берни Додж және оның Сан-Диего мемлекеттік университетіндегі әріптесі Том Марч қосылды. Зерттеушілер Берни Додж және Том Марч білім беру тапсырмасы ретінде веб-квесттің алғашқы әзірлеушілері болып табылады.

Терминнің авторы Берни Додж анықтауында: веб-квест – бұл іздеу әрекеті (немесе іздеуге бағытталған әрекет), студент пайдаланатын бүкіл ақпарат немесе оның бір бөлігі интернет көздерінен алынады. Веб-квесті әзірлеудегі басты міндет – студенттің уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру және оның күш-жігерін ақпаратты іздестіруге емес, онымен жұмыс істеуге бағыттау. Автордың пікірінше, веб-квест оқушының ой-өрісін кеңейтеді, топта жұмыс істеу процесінде аналитикалық, сыни және шығармашылық ойлауды, проблеманы шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді [6].

Веб-квесттің көп мағыналы анықтамалары оны технология, веб-сайт, проблемалық тапсырма, әдіс, форма, оқу құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, М.В. Андреева, веб-квесті әдіс тұрғысынан қарастыра отырып, оны мұғалім мен оқушылардың білім беру мәселелерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекет тәсілі; оқушының оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру тәсілі; оқыту формасы (белгілі бір мазмұнмен жұмыс істеу кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуіне тапсырыс беру, орнату, жүйеге келтіру) ретінде анықтайды [7].

Қазіргі уақытта дидактикада веб-квест студенттер жұмыс істейтін ақпараттың бір бөлігі немесе барлығы әртүрлі веб-сайттарда орналасқан веб-жоба ретінде түсініледі. Студентке белгілі бір тақырып бойынша интернетте материалдар жинау, осы материалдарды қолдана отырып, кез-келген мәселені шешу тапсырмалары беріледі. Кейбір дереккөздерге сілтемелерді студенттерге оқытушы береді, ал кейбіреулерін қарапайым іздеу жүйелерін қолдана отырып өздері таба алады. Квест аяқталғаннан кейін студенттер осы тақырып бойынша өздерінің веб-парақтарын немесе электронды, баспа немесе ауызша түрдегі басқа да шығармашылық жұмыстарын ұсына алады [8].

Веб-квесттер заманауи ақпараттық технологиялар негізінде құрылған және ғаламдық компьютерлік желінің ақпараттық кеңістігінің байлығы мен шексіздігін білім беру мақсатында пайдалануды көздейді, белгілі бір тақырыпты зерттеуде болашақ маманның ынтасын арттыру, оларды заманауи технологиялармен таныстыру, интернеттің мүмкіндіктерін барынша пайдалана білу, шынайы көздерден білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Веб-тапсырмаларды әзірлеу технологиясы ұзақ және қиын процесс болып табылады. Біріншіден, кез-келген тақырыпты зерттеу бойынша жұмыс жасай отырып, оқытушы белгілі бір тақырып бойынша интернет-ресурстардың ақпаратын кеңінен пайдаланады. Екіншіден, веб-квесті орындау бойынша жұмыс жасай отырып, студент жеке немесе командада веб-квест бойынша жұмыс істейтініне қарамастан, өзі үшін тапсырманы орындаудың ең ыңғайлы қарқынын таңдай алады. Үшіншіден, веб-квест тақырып бойынша қосымша ақпаратты іздеуге мүмкіндік береді, алайда бұл әрекет оқытушы

белгілеген белгілі бір шеңберде іске асуы керек. Оқытушының сайттарды алдын-ала таңдауы студенттердің расталмаған, жалған немесе объективті емес ақпараты бар сайттарды пайдалану ықтималдығын болдырмауға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық түрде ұсынылған ақпарат оқулықтардағы ақпаратқа қарағанда басқа қасиеттерге ие. Ол білімді игеруге және түсінуге бағытталған емес, тек құрылымы жоқ бейнені қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, интернетте ақпараттың әртүрлі формалары бір-бірімен байланысты және эффектілердің көмегімен адам психикасына әсер етеді: мәселен түс, дыбыстар мен символдардың үйлесімі. Интернеттегі ақпаратты ұсынудың ерекшелігі – бұл жерде әр түрлі жанрларда, стильдерде ұсынылған, әртүрлі адрестік бағытқа ие, сол фактілер әртүрлі түсіндіріледі. Сондықтан зерттеушілер атап өткендей «...тек пән маманы тақырыптық сайттағы ақпаратты бағалай алады және оны оқу процесінде қолдануға болатындығын шешеді». Оқытушы сонымен қатар интернет-ресурстарды студенттер дайындығының әртүрлі деңгейлеріне назар аудара отырып таңдайды.

Веб-квестті дамыту технологиясын келесі негізгі кезеңдер түрінде ұсынуға болады.

1. Қатысушылардың негізгі рөлдерін нақты сипаттайтын қысқаша кіріспе тұжырымы немесе квест сценарийі, алдын-ала жұмыс жоспары, бүкіл квестке шолу.

2. Кесте түрінде орындау үшін қажетті тапсырманы құрастыру, оны кейіннен толтыру қажет. Кесте тапсырмадан, бағалау шкаласынан, сұрақтар мен мүмкін жауаптардың нұсқаларынан, кеңестерден тұрады. Тапсырма кестесі әр студентке немесе бүкіл топқа бөлек жіберілуі мүмкін.

3. Студенттердің тапсырманы орындауы үшін қажетті ақпараттық ресурстар банкі (электрондық түрде – компакт дискілерде, бейне және аудио тасымалдаушыларда, қағаз түрінде, интернеттегі ресурстарға сілтемелер, тақырып бойынша веб-сайттардың мекенжайлары) ұсыну. Бұл тізім аннотациялануы керек.

4. Тапсырманы орындау кезеңдерінің қадамдық сипаттамасы мыналарды қамтиды:

- студенттердің оқытушы ұсынған материалды өз бетінше зерттеуі;
- оқытушының веб-квест мазмұнына немесе оны көрсетуге тікелей байланысты мәселелер бойынша консультациясы;
- студенттердің тапсырма-кестені толтыруы;
- тақырып бойынша веб-квесті орындайтын студенттер арасында команданың әрбір мүшесінің жеке жұмыс нәтижелерін талқылау.

Топ мүшелері қорытынды презентация (веб-беттер және т.б.) үшін неғұрлым маңызды материалды таңдайды, электрондық көздерді пайдалану бойынша оқытушының ұсыныстарын; қорытынды презентацияны рәсімдеу бойынша оқытушының талап-тілегін (нұсқаулық, веб-бет және т.б.) басшылыққа алады және құрылымын әзірлейді.

5. Материалды ұйымдастыру және жүйелеу бойынша нұсқаулық. Онда веб-квесттің орындалу уақыты және веб-сайттарды кезең-кезеңмен бөлу

бойынша ұсыныстар бар. Егер студент өз бетінше, дербес беттерді құру барысында техникалық қиындықтар туындаса, онда оларға веб-квест құру моделін көрсететін «нұсқалар» беріледі.

### **Нәтижелер**

Психологиялық тұрғыдан веб-квест шығармашылық және ынтымақтастық атмосферасында оқытушылармен жаңа қарым-қатынас орнату, қорытынды бақылаудан өтудегі кедергілерді жеңілдету сияқты мәселелерді шешеді. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, веб-квест пәнге деген қызығушылықты, мотивацияны, шығармашылық деңгейін және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың басқа да түрлерін арттыруы мүмкін. Сонымен, веб-квесттерді оқыту үдерісінде қолдану кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру мәселесін де шешуге айтарлықтай ықпал етеді.

Бұл ойды веб-квесті оқытудың конструктивті тәсілі ретінде сипаттаған Филипп Бенц пікірі қуаттай түседі. Ол «веб-квест қатысушылары интернеттен алынған ақпаратты жинап, жүйелеп қана қоймайды, олар өз әрекеттерін өздеріне жүктелген міндеттерге, көбінесе болашақ мамандығымен байланыстыруға бағыттайтындығын орынды атап көрсетеді [9].

Ал, Е.М. Шульгинаның көрсетуінде жеке веб-сайтта орналастырылған веб-жобамен жұмыс белгілі бір проблемалық мәселені зерттеуге және негізінен болашақ кәсіби іс-әрекетпен байланысты ізденіске бағытталуы қажет [10].

Оқытушы студенттерді интернеттің шексіз кеңістігінен қажетті ақпаратты іздеуге мәжбүрлеудің орнына, оларға жоба тақырыбына және олардың білім деңгейіне сәйкес келетін веб-сайттар тізімін ұсынады. Қажетті ресурстарды іздеуге үнемделген уақыттың арқасында веб-квест қатысушылары көп уақытын өз жобасын жасауға және зерттеу нәтижелерін ұжымдық (топтық) және жеке түрде ұсынуға жұмсайды.

Веб-квест болашақ маманның аналитикалық және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталады; веб-квест технологиясын қолданушы оқытушы пәндік және әдістемелік құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие болуы тиіс. Веб-квест технологиясын әзірлеу кезінде оқытушының студенттерге іздеу, талдау, жалпылау, жаңа ақпаратты қорытындылау, оны сақтау және тасымалдау дағдылары қажет болатын жағдайларды жасау мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, веб-квест технологиясын кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруды бақылаудың тиімді нысаны ретінде пайдалануға болады. Веб-квест технологиясының бірнеше жіктемесі бар. Жобамен жұмыс істеу кезінде басым болатын әрекеттерге сәйкес олар: зерттеушілік, шығармашылық, ақпараттық, тәжірибеге бағытталған жобалар болып ажыратылады.

Веб-квесттер белгілі бір мәселені, пәнді, тақырыпты қамтиды және пәнаралық болуы мүмкін.

Веб-квесттерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жұмыс үшін пайдалануға болады. Қысқа мерзімді веб-квест қарапайым білім беру

мақсаттарын көздейді – білімді кеңейту, тереңдету және оны біріктіру, олар әдетте бір-үш сабаққа арналады.

Ұзақ мерзімді веб-квесттерде басқа деңгейдегі білім беру мақсаты шешіледі: студенттер ақпарат көздерінен, интернеттен және шынайы өмірден алған білімдерін кеңейтеді және түрлендіреді. Олар ұзақ мерзімге – семестрге немесе тіпті оқу жылына арналуы мүмкін.

Веб-квест тиімді аралық немесе қорытынды бақылау нысаны бола алады. Бұл сонымен қатар жеке, топтық және жұптық бақылаудың заманауи түрі болып саналады. Веб-тапсырмалардың артықшылығы мұнда белсенді оқыту әдістерін қолдану мүмкіндігі кең. Осылайша, веб-квест топтық және жеке бақылауға арналған болуы мүмкін. Бақылаушы веб-квест тексерудің екі түрін қамтиды: білімді тексеру (іс жүзінде «квесттен өту») және ақпараттық іс-әрекет дағдыларын тексеру (квесттен өткеннен кейін студент сонымен қатар қорытынды ұсынуы немесе квесттің сюжетіне сәйкес келетін тапсырманы орындауы керек), ақпаратты дұрыс ұсыну мүмкіндігі.

Компьютерлік веб-квесттерді пайдаланған кезде, кем дегенде екі нәтиже болуы мүмкін. Нәтижені бағалаудың бірінші құрамдас бөлігі, шын мәнінде, аяқталған веб-квест көрінісін бейнелейді. Оның үстіне, игерілген ақпараттың көлемі емес, мақсатқа жету үшін оның іс-әрекетте қолданылуы (қалай қолданылатыны) бағаланады. Екінші нәтиже – студенттерді «білімді меңгеру» процесіне қосудың педагогикалық әсері және олардың логикалық қолданылуы, яғни тұрақты қарым-қатынас режимінде пәндік ортада ақпаратты іздестіру әрекеттеріне қосылуы.

Веб-квест бойынша орындалған тапсырмаларды қорғау барысында студент әрбір әрекетке, тапсырмаға және т.б. бір ғана емес, бірнеше көзқарастар, бірнеше шешімдер болуы мүмкін екенін көреді. Ол басқа көзқарастарды салыстыруға, талдауға және қабылдауға үйренеді. Компьютерлік веб-квесттерді қолданудың қазіргі практикалық және зерттеушілік тәжірибесі олардың пән бойынша білім беру процесіне енгізудің тиімділігін көрсетеді, атап айтқанда:

- болашақ маманның ақпараттық іс-әрекет дағдыларын дамытуға;
- таным процесіне жағымды эмоционалды қарым-қатынас қалыптастыруға, оқу мотивациясын, оқытылатын пән бойынша білімді меңгеру сапасын арттыруға;
- болашақ маманның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Веб-тапсырмалардың тақырыбы әртүрлі болуы, проблемалық тапсырмалар қиындық дәрежесіне қарай ерекшеленуі мүмкін.

Веб-квест барысында студенттер жеткіліксіз деңгейде үйренген материалға қайта оралып, жеке жаңа қарқынмен жұмыс істей алады. Оқуға деген осы көзқарасты жүзеге асыру оқытушының мүмкіндіктерін кеңейтеді, бұл оған оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Бұл даралау, ең алдымен, студенттердің алдын-ала дайындығын (олардың білімі мен дағдыларының деңгейін), психологиялық ерекшеліктерін (темперамент, ойлау процестерінің сипаты, оқу қабілеті, оқу элементтерімен жұмыс жылдамдығы) ескерумен байланысты. Оқу процесін дұрыс ұйымдастыру үшін оқытушыда

әрдайым студенттерге ұсынылатын оқу элементтерінің қоры болуы керек. Бұл оқу элементтері болашақ мұғалімнің білімін кеңейтеді, тереңдетеді, берік және сапалы етеді.

### **Қорытынды**

Осылайша, болашақ мұғалімнің кәсіби дайындық процесіне енгізілген веб-квест технологиялары кәсіби құзыреттілікті тиімді қалыптастыру құралы болып табылады.

Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі кіріктірілген ақпараттық-коммуникациялық білімді, дағдылар мен іскерліктерді меңгеруді; конструктивтік әдістерді қолдана отырып, білім беру процесінің үнемі өзгеріп отыратын жағдайында оңтайлы және стандартты емес педагогикалық шешімдерді әзірлеу мен енгізуді; веб-квест технологияларын үйренуге және игерілген білім мен дағдыларды педагогикалық практикада қолдануға негізделген мотивацияны қамтиды.

Веб-квест технологиясын болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде пайдалану оның мазмұны мен құрылымын сапалы тұрғыда өзгертеді.

Қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- веб-квест технологиясын меңгеру болашақ маманды педагогикалық іс-әрекетке дайындауда үлкен дидактикалық әлеуетке ие;
- бұл технология білім беру бағдарламасын меңгерудің міндетті нәтижесі болып табылатын кәсіби құзыреттіліктер кешенін жетілдіреді;
- веб-квесттерді жобалау процесінде қалыптасатын білім, білік, құзыреттіліктер өзінің кәсіби іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға қабілетті маманды дайындау мүмкіндігін арттырады;
- болашақ мұғалімдерге веб-квесттерді әзірлеу және білім беру процесіне енгізу дағдыларын үйрету әдістемесі одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Оқыту процесіне веб-квесттерді енгізудің тағы да бір артықшылығы болашақ мұғалімдерді өзіндік аналитикалық және креативті ойлауға ынталандыру, оларды өз нәтижелері мен топпен жұмыс нәтижелерін объективті бағалауға тарту болып табылады.

Веб-квесті дайындау уақыт пен жоғары кәсібилікті қажет етеді. Белгілі бір курсқа арналған веб-тапсырмалар топтамасын жасай отырып, оқытушы оны кейінгі уақыттарда да қолдана алады, уақытты үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар оқыту мен бақылау процесін қызықты әрі заманауи тұрғыда ұйымдастырады.

Веб-квесттерді қолдану тәжірибесін талдай отырып, оларды пәндерді оқытуда қолданудың келесі артықшылықтарын атап өтуге болады:

- сабақтардың практикалық бағыттылығын арттыру;
- оқытудың сабақтастығын күшейту, жеке дайындыққа сүйену;
- аудиториялық сабақтарға бөлінетін сағаттардың жетіспеушілігін болдырмау.



- [1] Методология моделирования информационной образовательной среды вуза. /Б.С.Ахметов, Ю.П.Ехлаков, М.П.Силич, В.В.Яворский. – Алматы, 2008. – 275 с.
- [2] Кунанбаева С.С. Создание информационно-обучающей среды в системе университетского образования /С.С. Кунанбаева, Г.К. Нургалиева, А.Т. Чакликова. — Алматы: РЦИО, 2006. — 119 с.
- [3] Чакликова А.Т. Состояние и тенденции информатизации иноязычного образования //Учитель иностранного языка в контексте информатизации иноязычного образования: материалы респ. науч.-практ. конф. — Алматы, 2012. — С. 6–10.
- [4] Оразалина З. З. Формирование технологической готовности преподавателя вуза к использованию виртуальной образовательной среды при кредитной технологии обучения: на примере Республики Казахстан. - Барнаул, 2015
- [5] Жусубалиева Д. М. Теоретические основы формирования информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения: дисс. д.п.н., 13.00.01. – Алматы, 1997.
- [6] Москалевич Г.Н. Понятие и сущность образовательной информационно-коммуникационной технологии веб-квест. //Информационно-технологическое обеспечение образовательного процесса современного университета: Секция 4 Интернет-технологии в учебном процессе. – Минск. 2013. - С. 287-293.
- [7] Андреева М.В. Технологии веб-квест в формировании коммуникативной и социокультурной компетенции //Информационно-коммуникационные технологии в обучении иностранным языкам: Тезисы докладов I Международной научно-практической конференции. - М., 2004.
- [8] Быховский Я.С. Образовательные веб-квесты //Информационные технологии в образовании. ИТО-99: материалы международной конференции [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://ito.bitpro.ru/1999>. [Дата обращения: 05.10.2022].
- [9] Бенц Ф. Применение веб-квестов в учебной деятельности [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.natalia-chimera.ru/view.php?id=42>. [Дата обращения: 01.09.2022].
- [10] Шульгина Е.М. Мотивация познавательной деятельности студентов посредством технологии веб-квест //Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. - 2016. - Т. 21. - № 5-6. – С. 40-45.

## REFERENCES

- [1] Metodologiya modelirovaniya informatsionnoy obrazovatel'noy sredy vuza (Methodology for modeling the information educational environment of a university). /B.S.Akhmetov, YU.P.Yekhlakov, M.P.Silich, V.V.Yavorskiy. – Almaty, 2008. – 275 s. [in Rus.]
- [2] Kunanbayeva S.S. Sozdaniye informatsionno-obuchayushchey sredy v sisteme universitetskogo obrazovaniya (Creation of an information-learning environment in the system of university education) /S.S. Kunanbayeva, G.K. Nurgaliyeva, A.T. Chaklikova. — Almaty: RTSIO, 2006. — 119 s. [in Rus.]
- [3] Chaklikova A.T. Sostoyaniye i tendentsii informatizatsii inoyazychnogo obrazovaniya (Status and trends of informatization of foreign language education) //Uchitel' inostrannogo yazyka v kontekste informatizatsii inoyazychnogo obrazovaniya: materialy resp. nauch.-prakt. konf. — Almaty, 2012. — S. 6–10. [in Rus.]
- [4] Orazalina Z. Z. Formirovaniye tekhnologicheskoy gotovnosti prepodavatelya vuza k ispol'zovaniyu virtual'noy obrazovatel'noy sredy pri kreditnoy tekhnologii obucheniya: na primere Respubliki Kazakhstan (Formation of technological readiness of a university teacher to use a virtual educational environment with credit technology of education: on the example of the Republic of Kazakhstan). - Barnaul, 2015 [in Rus.]
- [5] Zhusubaliyeva D. M. Teoreticheskiye osnovy formirovaniya informatsionnoy kul'tury studentov v usloviyakh distantsionnogo obucheniya: diss. d.p.n., 13.00.01 (Theoretical

foundations of the formation of information culture of students in conditions of distance learning: diss. PhD, 13.00.01). – Almaty, 1997. [in Rus.]

[6] Moskalevich G.N. Ponyatiye i sushchnost' obrazovatel'noy informatsionno-kommunikatsionnoy tekhnologii veb-kvest (The concept and essence of educational information and communication technology web quest). //Informatsionno-tekhnologicheskoye obespecheniye obrazovatel'nogo protsessa sovremennogo universiteta: Sektsiya 4 Internet-tekhnologii v uchebnom protsesse. – Minsk. 2013. - S. 287-293. [in Rus.]

[7] Andreyeva M.V. Tekhnologii veb-kvest v formirovaniy kommunikativnoy i sotsiokul'turnoy kompetentsii (Web quest technologies in the formation of communicative and socio-cultural competence) //Informatsionno-kommunikatsionnyye tekhnologii v obuchenii inostrannym yazykam: Tezisy dokladov I Mezhdunarodnoy nauchno- prakticheskoy konferentsii. - M., 2004. [in Rus.]

[8] Bykhovskiy YA.S. Obrazovatel'nyye veb-kvesty (Educational web quests) //Informatsionnyye tekhnologii v obrazovanii. ITO-99: materialy mezhdunarodnoy konferentsii [Elektronnyy resurs]. - Rezhim dostupa: <http://ito.bitpro.ru/1999>. [Data obrashcheniya: 05.10.2022]. [in Rus.]

[9] Bents F. Primeneniye veb-kvestov v uchebnoy deyatel'nosti (The use of web quests in educational activities) [Elektronnyy resurs]. – Rezhim dostupa: <http://www.natalia-chimera.ru/view.php?id=42>. [Data obrashcheniya: 01.09.2022]. [in Rus.]

[10] Shul'gina Ye.M. Motivatsiya poznavatel'noy deyatel'nosti studentov posredstvom tekhnologii veb-kvest (Motivation of cognitive activity of students through web-quest technology) //Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya: Gumanitarnyye nauki. - 2016. - T. 21. - № 5-6. – S. 40-45. [in Rus.]

## **ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ТЕХНОЛОГИИ ВЕБ-КВЕСТ В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ**

\*Калиева К.М.<sup>1</sup>, Утебаева Б.Т.<sup>2</sup>, Жалгасова Ш.А.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.п.н., профессор КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

<sup>2</sup>м.п.н., старший преподаватель, Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, Алматы, Казахстан, e-mail: bota071@mail.ru

<sup>3</sup>к.п.н., профессор КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: sholpan1945@outlook.com

**Аннотация.** В эпоху информатизации современного образования средства информационно-коммуникативных технологий и их влияние на формирование профессиональной компетентности будущего учителя приобретают особую актуальность.

В соответствии с требованиями общеобразовательного стандарта будущий специалист в процессе обучения должен уметь создавать информационно-образовательную среду и умело использовать преимущества современных технологий, (в частности, веб-квест технологии).

В настоящее время веб-квест технологии используются недостаточно и не в полной мере, без теоретического осознания ее сущности, бессистемно и непоследовательно входят в практику образования. В связи с чем, необходимо говорить об актуальности проблемы выявления дидактического потенциала веб-квестов в образовательной сфере.

В данной статье рассматриваются педагогические возможности веб-квест технологии в формировании профессиональной компетенции будущих педагогов. Использование веб-квест технологии в качестве информационного источника делает организацию учебного процесса более разнообразным и продуктивным, способствует

самосовершенствованию и пониманию возможностей самореализации, помогают раскрытию творческого потенциала и развитию информационной культуры будущего учителя.

Статья раскрывает особенности веб-квест технологии, описываются структура и формы работы с веб-квестами. Показывает их место в ряду других информационно-коммуникационных технологий.

**Ключевые слова:** образовательный процесс, формирование профессиональной компетенции, дидактическое средство, информационно-коммуникационные технологии, информационные ресурсы, интерактивная деятельность, веб-квест технология, веб-сайт

## **PEDAGOGICAL POSSIBILITIES OF WEB-QUEST TECHNOLOGY IN FORMING PROFESSIONAL COMPETENCES OF FUTURE TEACHERS**

\*Kalieva K.M.<sup>1</sup>, Utebaeva B.T.<sup>2</sup>, Zhalgasova Sh.A.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>с.п.с., профессор, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

<sup>2</sup>м.п.с., senior teacher, Kurmangazy Kazakh national conservatoire, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bota071@mail.ru

<sup>3</sup>с.п.с., профессор, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sholpan1945@outlook.com

**Abstract.** In the era of informatization of modern education, the means of information and communication technologies and their influence on the formation of the professional competence of the future teacher are of particular relevance.

In accordance with the requirements of the general educational standard, the future specialist in the learning process must be able to create an information and educational environment and skillfully use the advantages of modern technologies (in particular, web quest technology).

Currently, web quest technologies are used insufficiently and not fully, without a theoretical understanding of its essence, unsystematic and inconsistently enter the practice of education. In this connection, it is necessary to talk about the relevance of the problem of identifying the didactic potential of web quests in the educational field.

This article discusses the pedagogical possibilities of web quest technology in the formation of the professional competence of future teachers. The use of web quest technology as an information source makes the organization of the educational process more diverse and productive, promotes self-improvement and understanding of the possibilities of self-realization, helps to unlock the creative potential and develop the information culture of the future teacher.

The article reveals the features of web quest technology, describes the structure and forms of working with web quests. Shows their place among other information and communication technologies.

**Key words:** educational process, formation of professional competence, didactic tool, information and communication technologies, information resources, interactive activity, web quest technology, website

*Статья поступила 30.01.2023*